

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 26 тамыздағы № 113-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 6

т а м ы з д а ғ ы

№

1 1 3 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындалу мерзімдері
1	2	3	4	5
1.	Мұнай өнімдерінің көтерме жеткізушілерін аккредиттеуді жүргізу қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ	2011 жылғы тамыз
2.	Инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оларды іске асыру туралы есепті ұсыну қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), Т М Р А	2011 жылғы тамыз

3.	Шикі мұнайға және (немесе) газ конденсатына, және мұнай өнімдеріне нарықтық баға туралы ресми танылған ақпарат көздерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), Қаржымині, ТМРА	2011 жылғы тамыз
4.	Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек саудада сатуға арналған шекті бағаны анықтау қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТМРА (жинақтау) МГМ	2011 жылғы тамыз
5.	Бағаларына мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау) АШМ, ИЖТМ, ТМРА, БҚА, ККМ	2011 жылғы тамыз
6.	Дербес сәйкестендіруші код-нөмірлерді беру қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (жинақтау), МГМ	2011 жылғы тамыз
7.	Мұнай өнімдерінің айналымы бойынша декларацияларды ұсыну және жасау қағидасын, нысандарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (жинақтау), ККМ	2011 жылғы тамыз
8.	Ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу, алу, беру, есепке алу, сақтау және ұсыну қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2011 жылғы тамыз
9.	Мұнай өнімдерін өндіру және сату мониторингін жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), АШМ, БҚА	2011 жылғы тамыз
10.	Шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өңдеуге мұнай жеткізушілердің қол жеткізу қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), БҚА	2011 жылғы тамыз
11.	Автомайкүю станциясында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналының нысандары мен оны жүргізу қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2011 жылғы тамыз
12.	Бекітуге арналған мәліметтерді қамтитын өндіру паспортының нысандарын бекіту туралы	Бұйрық	МГМ	2011 жылғы тамыз
13.	Мұнай өнімдерін өндіру мен айналымы жөніндегі бірыңғай дереккорды қалыптастыру және жүргізу қағидасын бекіту туралы	Бұйрық	Қаржымині (жинақтау), ИЖТМ, МГМ, ККМ, АШМ, ТМРА	2011 жылғы тамыз
14.	Хабарламалардың нысандарын бекіту туралы	Бұйрық	Қаржымині	2011 жылғы тамыз
15.	Дербес сәйкестендірілген код-нөмірлерді беру қағидасын бекіту туралы	Бұйрық	Қаржымині	2011 жылғы тамыз
16.	Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы жеке кәсіпкерлік бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	МГМ, ЭДСМ	2011 жылғы тамыз
17.	Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы жеке кәсіпкерлік бойынша тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	МГМ, ЭДСМ	2011 жылғы тамыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі
ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
БҚА - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі
ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК